Тайынша Таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 9 (861) 25 ақпан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany | http://tainshatany.kz | tainsha_tan@list.ru

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Бас¬пасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөлежару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керегі жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бер¬дім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды, лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

– Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатыгез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті coup d'etat деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештеңені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқықтарының қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбілтелемей бірден айтсақ, бұл – азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқырап қарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бо¬йынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан құып шығу немесе тұтқынға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?

– Өкінбеймін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайын¬дық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В. Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр....

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

Жалғасы 2 бетте ►

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыс¬тарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себеп белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алуда. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың нара¬зылығын ланкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер − соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орынды болар.

– «Жаңа Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» дедіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеруіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған ланкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

– Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық.

Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айтармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз. Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние.

– Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Турасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты, орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Сондай-ақ ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

– Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипло-ма¬тия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазақта «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарымнан қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

– Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әңгімелескен Жайна Сламбек, журналист.

САПАЛЫ ЦИФРЛАНДЫРУ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫН АЗАЙТУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Мемлекеттік басқаруды, экономиканы, білім беруді, денсаулық сақтауды және мемлекеттік және қоғамдық өмірдің басқа да салаларын цифрландыру жалпы әлемдік трендке айналды. Барлық құрылымдық элементтері цифрлық технологиялардың әсерін сезінетін еліміздің құқықтық жүйесі де шет қалмады. Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде цифрлық технологияларды пайдалану негізгі мемлекеттік міндеттердің біріне айналды.

Сонымен қатар, цифрландыру мемлекеттік басқарудың ашықтығын, жариялылығын және айқындығын айтарлықтай арттыруға, сыбайлас жемқорлық сипатындағы байланыстарды, схемалар мен қатынастарды анықтауға, құқық қорғау органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін оңтайландыруға және жемқорлардың мүмкіндіктерін шектеуге қауқарлы.

Цифрландыру мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, азаматтардың шенеунікпен тікелей байланысын және тиісінше «тұрмыстық» жемқорлықтың алғышарттарын болдырмай, барлық рәсімдердің ашықтығына кепілдік береді. Мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін цифрлық форматқа көшіру арқылы озық технологиялық шешімдерді одан әрі қолдану барлық салаларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталатын болады.

Осыған байланысты 2026 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін цифрлық форматқа көшіру арқылы озық технологиялық шешімдерді одан әрі қолдану жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы адамның тікелей қатысуын жоққа шығаруға болады. Бұл сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын ұсынудың «проактивті» форматын енгізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және болдырмау бойынша шаралар кешенін қабылдау ұсынылады (жүйелердің бұғатталуы, әлеуетті субсидия алушыларды жүйеден шығару, пайдаланушы тарихын қадағалай алмау және т.б.).

Өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тәуелсіз салалық сарапшыларды тарта отырып, ауыл шаруашылығын субсидиялау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне терең, кешенді талдау жүргізді.

Мұндай жұмыстың нәтижелері әртүрлі айла-шарғы жасау арқылы бюджет қаражатын ұрлауға бағытталған көптеген кемшіліктерді, елеулі кемшіліктер мен қылмыстық схемаларды ашты.

Бұл ретте, бұл схемаларға көбінесе ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері қатысты, ал олардың көпшілігін қылмыстық құдалау орбитасына жаңылыстыра отырып тартты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау кезінде біз бірінші кезекте субсидиялаудың ақпараттық жүйелерінің жетілмегендігіне куә болдық.

Субсидиялаудың қолданыстағы ақпараттық жүйелері (Qoldau, Plem.kz) жетілдірілмеген, өтінімді беру және мақұлдау үдерісі ашық емес, базалардың өздерін пайдалану қиын, бұл АШБ өкілдеріне өз қалауы бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жағдайды пәрменді бақылаудың, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігінің, сондай-ақ өтінімге қоса берілетін құжаттардың дұрыстығын растау үшін басқа деректер базасымен тиісті интеграцияның болмауы жағдайды қиындата түседі.

Мал шаруашылығы саласындағы ИӨС ақпараттық жүйелерінің кемшіліктері ауыл шаруашылығы жануарларының санымен, түрімен және жасымен әртүрлі манипуляциялар жүргізуге мүмкіндік береді, бұл бір мал басын, ал кейбір жағдайларда тіпті жоқ мал басын бірнеше рет субсидиялауға мүмкіндік береді, яғни жануарлар тек жүйеде және тек субсидия алу үшін ғана бар.

Бұл ретте ақпарат жүйелерінің ашық болмауы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында жосықсыз бәсекелестікке ықпал етеді.

Осылайша әкімдіктердің қызметшілері субсидияларды бөлудің нақты күні мен уақытын біле отырып, субсидияларды үлестес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге бөлу мүмкіндігіне ие болады және бюджет қаражатының шектеулі болуына байланысты, адал АШТӨ субсидиялардың тиісті көлемін толық алмайды.

Мұны ұзақ уақыт бойы субсидиялардың басым бөлігін бір АШТӨ алатын, ал өзге жағдайларда қызметі ауыл шаруашылығымен тіпті байланысы жоқ фирмалар (шаштараздар, массаж салондары және т.б.) алатын субсидиялаудың анықталған тәжірибесі дәлелдейді.

Екінші, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің субсидиялар алу түрлері мен тәртібі туралы білмеуі.

Көбінесе, салақ шенеуніктер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің сеніміне ие болып, қызмет көрсетуді риясыз және тегін сүйемелдеп, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің ЭЦҚ-сы мен дербес деректерін пайдалану арқылы, үлестес фирмалардың көмегімен нақты жұмыс істемейтін немесе сапасы төмен субсидияланған жабдықты одан әрі айырма бере отырып, жоғары құны бойынша жеткізеді.Басқа жағдайларда жалған шарттар жасалады және жабдықты жеткізу жүзеге асырылмайды.Мұның бәрі қылмыстық құқық бұзушылықтар, олар үшін жауапкершілік көзделген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қабылданған тұжырымдамасы шеңберінде «көлеңкелі» экономиканы қысқарту үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың инфрақұрылымын кеңейту бойынша үдемелі шаралар қабылданатын болады.Қызмет көрсетудің баламалы тәсілдерін қысқарту мемлекеттік емес платформаларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларының цифрлық трансформация талаптарына сәйкестігі тұрғысынан оларға сараптама енгізу жоспарлануда.

Барлық осы шаралар сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын, ең алдымен тұрмыстық жемқорлықты азайтуға жол ашады.

Тергеу бағыты бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті Агенттіктің тапсырмасына сәйкес, өткен жылдың шілде айынан бастап сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді электрондық форматта тіркеуге 100% көшкенін атап өткен жөн.

Е-қылмыстық істі жүргізу үшін 7 жұмыс орны бейімделген.

Қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшу шеңберінде қылмыстық істерді сотқа жіберу және қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар саны бойынша оңдинамика бар.Бұл ретте, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу және қосымша тергеп-тексеруге жіберу немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулылардың күшін жою фактілеріне жол берілмегенін ерекше атап өтуге болады.

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ облыстың мемлекеттік органдары арасында электрондық құжат айналымына толық көшу жүзеге асырылды. Біз Агенттікке қаржылық процестің барлық қатысушыларының сандық қол қою мүмкіндігі бар Бухгалтерлік бастапқы құжаттаманы электрондық форматқа ауыстыру үшін электрондық платформа әзірлеу мәселесін ұсындық. Бұл шара сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, тексеру субъектілерінің байланысын, бұрмалауды болдырмайды және объектіге бармай-ақ камералдық бақылауды жүзеге асыруға, сонымен қатар жымқыру фактілерін болдырмауға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, облыстың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі ақпараттық-түсіндіру және білім беру сипатындағы іс-шаралар кешенін жүргізу арқылы өңірде сыбайлас жемқорлықты жою, оның ішінде халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бойынша заңда көзделген барлық шараларды іс жүзінде қолдануда.Біз таңдап алған бағыттың тиімділігі туралы есепті жылдың соңында Агенттіктің орталық аппаратының тапсырысы бойынша «Deltaplan» ЖШС жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері куәландырады. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысы сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі бойынша елімізде көш бастап тұр.Сауалнамаға қатысқан солтүстікқазақстандықтардың тек 1,9%-ы ғана сыбайлас жемқорлықтың таралғанын атап өтті. Көпшілігі сыбайлас жемқорлықты мүлдем жоққа шығарды.

Жарқын ҒАЛЫМОВ,
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет СҚО бойынша департаментінің басшысы.

ҚИЫН ОТБАСЫ БАЛАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

«Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын».
Халық мақалы.

Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Бала тәрбиесі – салғырттыққа, себеп-сылтау іздеуге төзбейді. Оны жүргізу үшін педагогикалық ұжымның кәсіптік білгірлігі, ата-аналардың саналық көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп және отбасы арасындағы тығыз байланысқан одақ, нәтижелі жұмыс қажет. Соңғы кезде жасөспірімдер, жеткіншектер арасында мектеп қабырғасында жүріп-ақ кейбір келеңсіз оқиғаларға оқушыларымыздың көп ұрынуы, «қиын» бала есебін толықтыруы, сөз жоқ, мұғалімдер мен мектеп ұжымын ойландырады.

Психолог-педагог ғалымдар А.Макаренко, С.Шацкий, А. Выготский, П.Блонский “қиын” балалар мәселелерін жан-жақты зерттеді.

Тәрбиені жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, баланың ынтасын дамыта отыру арқылы әдіс-тәсілдерді жаңартып отырса нәтижелі болады. «Егер бала бұзақы бола бастаса, онда бұған бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі», – деген А. С. Макаренконың пікірі өте орынды. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде.

Қазақ психологиясында баланың 11-12; 15-16 жас аралығын «жетіліп келе жатқан кезеңі», - дейді. Олар әрекет жасау жағынан әлі бала, ал талап қою жағынан ересекпін, – деп сезінеді. Бұл кезең «өтпелі кезең», «құбылмалы шақ» немесе акселерация кезеңі. Ол кез – ересектер талабына көнуі қиын кезең, жан дүниесінде жаңа құрылымдар пайда болып, бала ол өзгерістерге жол таба алмай қиналып, уайым шегетін кез. Сондықтан ата- ана мен ұстаз бірігіп баланың болашығын ойлау өте маңызды.

Қиын отбасы баласын тәрбиелеуде тек оқушымен ғана емес,сонымен қатар ата- анаы бірге тәрбиелеу керек. Отбасын тәрбиелеу барысында қазақтың нақыл сөздері мен мақалмәтелдерін көптеп алуға болады. Мысалы: «Баланы іске бұйыр, артынан өзің жүгір», «Ақ жаулығы ананың, ақ көрпесі баланың», «Бала тентек болатыны үйінен, ердің тентек болатыны биінен», «Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды», «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер», «Ат болатын құлынның, бауыры жазық келер; Адам болатын баланың, маңдайы жазық келер» деген секілді нақыл сөздердің мағынасына зер салып, түсіндіру, ұғындыру.

Ал Қытайдың ұлы ғалымы Конфуций «Баланы 5 жасқа дейін еркелет,15 жасқа дейін құлша жұмса,15 жастан кейін досыңдай көр » деген екен.

«Тайынша қаласының № 5 орта мектебі»КММ-нің Әлеуметтік психологиялық қызметі; Есмуханова С.Ж, Болатова Г.Т, Токубаева А.К, Оразалина Р.Ғ

ТЫНЫС АЛУ ОРГАНДАРЫ АУРУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМАДАН ӨТКІЗУ

Балаларды медициналық-әлеуметтік сараптамадан өткізу (бұдан әрі – МӘС) көп сатылы процесс болып табылады:

1) жасына байланысты даму нормаларын ескере отырып, бала ағзасының функционалдық жағдайын бағалау;

2) Бала өмірінің шектелуін және оның көптеген факторларға тәуелділік дәрежесін анықтау.Медициналық әлеуметтік сараптама баланың өмірлік белсенділігінің оқу, қозғалыс, ойын әрекеттерімен шектелу дәрежесін және оның реабилитациялық мүмкіндіктерін белгілеу үшін жүргізіледі.

МӘС балалардың тыныс алу мүшелерінің функцияларының ерекшеліктерін ескере отырып, тыныс алу органдарының аурулары бар балалардың созылмалы тыныс алу жеткіліксіздігінің дамуына байланысты тыныс алу жүйесінің тұрақты дисфункциясына әкелетін бронхөкпе патологиясының диагнозын дәлелдеуге негізделген және осы бұзылулардың дәрежесі мен баланың өміріне шектеулерді анықтайды. Балалардың келесі тыныс алу ерекшеліктері бар:

1. Балалардың тыныс алуы жиі және беткей;
2. Баланың жасы кіші болған сайын тыныс алу жиілігі жоғары болады;
3. Туылғаннан бастап балаларда тыныс алудың түрі диафрагмалық болады, ал 1-2 жаста - аралас тыныс алу түрі болады;
4. Балалардағы өкпенің тіршілік сыйымдылығы ересектерге қарағанда әлдеқайда аз;
5. Балалардағы газ алмасу ересектерге қарағанда қарқынды жүреді.Тыныс алу органдарының аурулары медициналық-әлеуметтік факторларға тікелей байланысты. Мысалы, медициналық көмектің сапасы мен әлеуметтік тұрмыстық жағдайларды ұйымдастырға байланысты. Эпидемиологиялық зерттеулердің деректері созылмалы бронхопульмональды патологиясы бар балаларда бронх демікпесі жетекші орын алатынын көрсетеді. Халықтың 4-8% бронх демікпесімен ауырады, ал балалар арасында бұл үлес 5-7% құрайды. Балалардағы бронх демікпесінің таралуының жылдық өсу қарқыны 10%-ға жетеді. Соңғы жылдары бұл ауру өмірдің алғашқы жылдарындағы және тіпті алғашқы айларындағы балаларда да кездеседі. 2021 жылы бронх демікпесі диагнозы қойылған балалардың жалпы саны 17 болса, оның 3-інде бұл ауру алғаш рет анықталған, ал 2020 жылы бұл сан сәйкесінше 19 және 5 баланы құрады. Созылмалы бронхиттің жиілігі тыныс алу патологиясының құрылымында аз үлесті алады, дегенмен курстың ауырлығына және даму қаупіне, балалардағы мүгедектікке және қолайсыз нәтижелерге байланысты өте маңызды. Жалпы қоғамның бірінші кезектегі міндеті – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, респираторлық аурулардың, балалық шақтағы осы аурулардың ауыр зардаптарының алдын алу және балалардың мүгедектігін азайту.

Айгүл МОЛГОЖДАРОВА,
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің №3 мамандандырылған медициналық-әлеуметтік сараптама Басқармасының бас маманы.

ШЕШЕН-ИНГУШ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯҒА ҰШЫРАҒАНЫНА 78 ЖЫЛ

78 жыл бұрын совет үкіметі жүздеген мың шешен мен ингушты «оккупанттармен ауыз жаласты» деп айыптап, Солтүстік Кавказдан депортациялаған болатын. Жер аударылғандардың көбі Қазақстанға түпкілікті қоныстанды. Арада жылдар өтті, депортация сұмдықтарын бастан кешірген жандардың көбі қазір о дүниелік болған, бірақ ата-бабалары тартқан тауқыметті ұрпақтары ұмытпайды.

Қоғам 1944 жылдың 23 ақпанында Солтүстік Кавказдан 500 мыңдай халық Қазақстанның солтүстік өңірлеріне қоныс аударған екен. Олардың Солтүстік Қазақстан облысында тұрып жатқан ұрпақтары қиын кезде бауырына басып, мейірбандық танытқан қазақ еліне алғыс айтты. Шешен –ингуш халқының отбасы Қазақстанға 1944 жылдың наурыз айында қоныс аударған. - Қазақтар айран, көже берді. Бәрі бізді күтті. Олар болмаса, біз болмаушы едік. Біз сіздерді қатты жақсы көреміз. Қазақстан аман болсын! Ақпанның аязды күндерінде бірнеше ай жол жүріп, әбден титықтаған шешендер мен ингуштарды қазақтар жылы шыраймен қарсы алған,- деп кез келген шешен-ингуш халқының өкілі айтқанын тарихтан білеміз. Тіпті, депортациямен қоныс аударғандарға қайтыс болған адамдарын жерлеуге тыйым салынған кездер болыпты. Сол кезде өлген адамның жаназасын қазақтар шығарып, ас беріпті. Сіздердің бауырмал халық екендеріңізді осы оқиға айғақтай түседі.

«Жақсылыққа жақсылықпен жауап береміз», деген Тайынша ауданының шешен-ингуш ұлтының бір топ өкілдері осы азалы күнді еске алып, құрбандыққа мал шалып Келлеровка және Тайынша қаласы тұрғындарына таратып берді. Олардың арасында көпбалалы аналар, жағдайы төмен отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандар бар...Аудандық мешітте жазықсыз құрбан болған жандарға арналып Құран оқылды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК....

Депортация 23 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 2:00-де басталды. Белсенді әрекетке сигнал жергілікті радионың толқындарында естілетін «Пантера» код сөзі болды.Бұл ретте республика тұрғындарын, оның ішінде қарт және ауру азаматтарды заң бұзушылықтар мен рұқсатсыз жазалау фактілері туралы ақпарат кейінірек жарияланды. Сондай-ақ, жергілікті тұрғындардың бірінің айтуынша, Хайбах ауылы 700 бейбіт тұрғынмен бірге өртенген. Биліктің барлық күш-жігеріне және депортацияның кенеттен басталғанына қарамастан, 7 мыңға жуық жергілікті тұрғындар әлі де кетуден құтылып, тауларға жасырынған. Бұл адамдар жүзге жуық әр түрлі топтарға бірігіп, көтеріліс түрін тудырды.Операция барысында шамамен екі аптаның ішінде республикадан 500 мыңға жуық адам болған 200-ге жуық эшелон шығарылды. Он мыңдаған шешен мен ингуш жолда қаза тапты. Адамдардың өлімінің негізгі себептері нашар жағдай, тамақ, суық болды.Сонымен бірге, куәгерлердің айтуынша, жол қорқынышты болған. Адамдарды шамадан тыс вагондармен тасымалдау және аяз, сонымен қатар азықтүліктің жетіспеушілігі сүзек ауруын тудырды. Өлгендерді жолда, ең жақсысы, рельстердің қасына жерлеу керек болды, өйткені көліктен алыс жүргендер сол жерде өлтірілуі мүмкін.Билік ойлағандай, жер аударылғандар баспанамен, ең аз өнімдер жиынтығымен және баратын жерінде жұмыс орындарымен қамтамасыз етілуі керек еді. Алайда, барлық нұсқауларға қарамастан, бұл бұйрық орындалмады. Адамдарды ешнәрсесіз тастады, онда баспанасыз және тамақсыз бәрін нөлден бастау керек болды.Шешендер мен ингуштардың өздері де мүлде құлдырап, колхоздарда өмір сүруге және жұмыс істеуге бейімделмеген, өйткені олардың өмір салты мен дәстүрлері оларға таңылғаннан мүлдем басқаша болды. Сонымен қатар, Вайнахтар өте отырықшы халық, сондықтан туған жерлерін мәжбүрлеп тастап кету және қоршаған ортаның өзгеруі олар үшін нағыз трагедия болды. Ал жер аударылғандардың біразы туыстарынан бөлініп кеткенін айтпай-ақ қояйын. Жағдай адамдардың көпшілігінің сауатсыздығымен және өмір бойы ауыл шаруашылығымен айналысқандықтан жұмыс істей алмайтындығымен қиындады. Сондықтан олар үшін құғын-сүргіндегі өмір өте ауыр және қиыншылыққа толы болды. Бұл шешен-ингуш халқы үшін үлкен трагедия, олар халықты, олардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ашық түрде өлтіріп, қырып жіберді ... және бұл оқиғалардың ізі әлі күнге дейін өзін айтады.

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мәліметтеріңізге жеткізеді, заңнамалық қорды жетілдіру шеңберінде «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы бұйрығына өзгерістер енгізілді.

«Үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызметін алу үшін, өтініш беруші/заңды өкіл төмендегілер арқылы өтініш бере алады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ;

3) «Электронды үкімет» веб-порталы (E-GOV.kz)

Үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеуге кіретін тұлғалар санаты:

1) 1,5 жастан - 18 жасқа дейінгі психоневрологи ялық ауытқулары бар мүгедек балалар;

2) 1,5 жастан - 18 жасқа дейінгі ТҚА (тірек-қимыл аппараты) бұзылған мүгедек балалар;

3) психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектер;

4) 1 және 2 топтағы мүгедектер;

5) өзінің еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж ата – анасын Кодекске сәйкес күтіп-бағуға міндетті еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары жоқ немесе еңбекке қабілетті кәмелетке толған балалары бар, бірақ олардың 1, 2 топтағы мүгедектігі бар, онкологиялық, психикалық аурулары бар, бас бостандығынан айыру орындарында отырған немесе басқа елді мекенде тұратын болса, сондай-ақ ішкі отбасылық жанжалдың бар болуы жағдайында, егде жасына қарай өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдар.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде қажет құжаттар:

1) Жеке бас куәлігі (сәйкестендіру үшін);

2) Нысан бойынша медициналық карта;

3) Психологиялық – медициналық – педагогикалық қорытындысының көшірмесі (балалар үшін);

4) Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының көшірмесі 5) ҰОС қатысушысы немесе мүгедегі немесе оларға теңестірілген адам мәртебесінің болуын растайтын құжат көшірмесі (егер сондай болып табылса).

Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет ұсынуға құжаттарды ресімдеу тәртібі

Құжаттар топмамасы сәйкес келген кезде уәкілетті органның маманы бес жұмыс күні ішінде мүгедектің, қарт адамның тұрғылықты орнына келіп, тұрғын үй және материалдық-тұрмыстық жағдайды тексеру актісін құрайды.Тұрғын үй және материалдық-тұрмыстық жағдайды тексеру актісі тексеру жүргізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылады.

Тұрғын үй және материалдық-тұрмыстық жағдайды тексеру актісін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету туралы шешім қабылданады.

Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті орган қызмет алушының тұрғылықты орны бойынша арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу қажеттігі жайында хабарлама жібереді. E-GOV.kz арқылы жүгінген болса, хабарлама электронды түрде қызмет алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Осыдан кейін бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге ЭЦҚ арқылы порталда (http://aleumet.egov.kz) авторизациялану және үйде қызмет көрсету ұйымын таңдау қажет.

Қызмет алушыда интернет-қорға қолжетімділік болмаған жағдайда, қызмет алушы/заңды өкілі жұмыспен қамту бөлімінің өзіне-өзі қызмет көрсету секторына немесе тұрғылықты орны бойынша әкімдікке жүгіне алады.

«Үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызметін ұсыну жайында толығырақ ақпарат алу үшін, мына мекен-жай бойынша жүгінуге болады:

Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 203; тел. 79047, 79050.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

«ҚЫЗЫЛЖАР» ОРТАЛЫҚ МЕШІТІНІҢ БАС ИМАМЫ ТАЙЫНША АУДАНЫНДА БОЛДЫ

Облыстық «Қызылжар» орталық мешітінің бас имамы Хамзат Әділбеков іс-сапармен Тайынша ауданында болды.

Сапар аясында аудан әкімдігінде жұмыс істейтін жас мамандармен жүздесті. Жастар қауымы өздерін мазалайтын сұрақтарына жауап алды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары: Г.Қ.Бәтенова мен аудандық саяси бөлім басшысы Г.Сатыбалдықызы қатысты.Кездесу барысында өңірдің бас имамы жергілікті діни жағдай туралы жан-жақты айтып, 2022 жылға арналған діни басқарманың жұмыс жоспарымен таныстырды. Сондай-ақ аудандағы діни ахуалды талқылады. Кейін Хамзат Қажымұратұлы аудан орталығындағы мешітке барып, жергілікті жамағатпен кездесті. Қасиетті жұмада "Ислам- ынтымақ діні" жайында жұма уағызын жүргізді.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

ӘДІЛБЕКОВ ХАМЗАТ ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ

1984 жылы 27-қаңтарда СҚО, Айыртау ауданы, Шолақ-Өзек ауылында дүниеге келген.2001 жылы СҚО, Айыртау ауданы, Карасевка ауылындағы орта мектепті тамамдады.2001-2004 ж.ж. Алматы қаласындағы «Нұр-Мүбәрак» университетінде «Исламтанушы және имам хатиб» мамандығы бойынша оқыды.2004-2008 ж.ж. Либия мемлекетінің Триполи қаласында орналасқан «Исламға Шақыру" Университетін «Араб тілі және исламтанушы» мамандығы бойынша тамамдады.2008-2009 ж.ж. Либия мемлекетінің Триполи қаласында орналасқан «Исламға Шақыру» Университетінің магистратурасының дайындық кезеңін тамамдады.2015-2017 ж.ж. Шымкент қаласында орналасқан Аймақтық-әлеуметтік инновациялық университетінде педогогика мамандығы бойынша магистратура бітірді.

ҚҰРАНҒА ДЕГЕН МАХАББАТ

Күллі мадақ -мақтау әлемдердің раббысы Аллаға және Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) -ға оның игілігімен сәлемі болсын.

Күллі мұсылман жамағатының көңіліне қуаныш сыйлаушы, жүректерін нұрлантырушы, ақ пен қараны, шындық пен жалғанды ажратушы Құран Кәрім осыдан 14-ғасыр бұрын Жәбрайл періште арқылы күллі адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) -ға 23-жыл бойы барлық аяттары рет-ретімен түсе бастады. Құран соңғы иләһи кітап, әрі алдыңғы иләһи кітаптарды барлығын растаушы яғни Жаратушы тарапынан түсірілгенін растайды. Имран сүресінің 2-3 аятттарында Алла Тағала айтты. *"Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ . Ол тірі, толық меңгеруші (Мұхаммед с.ғ.с) Алладан саған алдындағы растаушы Құранды шындық бойынша түсірді. Бұның алдында Таурратты, Інжілді түсірді." деген.*

Жүрегімізге нұрлантыратын Құран Кәрімнің оқып-үйренудің маңыздылығы өте ерекше. Құранды оқып жалықпайсың, оның әр-бір аяттары өлең шумақта емес, роман поэзияда емес екенін білесің.

Абдулла ибн Әмір ибн әл-Ас (Алла оларға разы болсын) Алла елшісінің (оған Алланың салаутымен сәлемі болсын) былай айтқанын жеткізген.

"(Қиямет күні) Құран иесіне: Оқы да көтеріл. Өміріңде қалай оқыған болсаң, солайша әр сөзді анық айтып оқы. Расында сенің орның , соңғы оқылған аятыңа сәйкес болады." деп айтылатын болады. (имам Әбу Дәуід, Тирмизи)

Алла Тағаланың осы мейірімін, ұлы нығметін адам баласы қашанда бағалап, оған махаббатын арнап, жиі оқуға, терең сырлы аяттары жайында ой жүгіртуге ден қоя білуі тиіс. Құранға махаббат- Алла Тағала мен оның сүйікті Елшісі Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салаутымен сәлемі болсын) деген махаббаттан туындайды.

Абдулла ибн Масғуд (Алла оған разы болсын) "Кімде -кім Алла Тағала мен Оның Елшісін (оған Алланың салаутымен сәлемі болсын) жақсы көруді қаласа, өзінің Құранға деген махаббатына қарасын. Егер ол Құранды жақсы көрсе, онда шынымен де Алла Тағала мен оның Елшісін жақсы көргендігі." десе, тағы бір хадисте "Сендерің ең жақсыларың Құранды үйренгендеріңіз және басқаларға үйреткендеріңіз" деген.

Құранды оқып, жаттап қана қоймай, ондағы әдептілікті, онадғы көркем мінезділікті, өзінің мінезіне айландыра білуі тиіс. Айша анамыздан Пайғамбарымыздың (оған Алланың салаутымен сәлемі болсын) мінезі жайлы сұрағанда: "Оның мінезі- Құран еді" деп айтқан.

ӘбуУмама (Алла оған разы болсын) Пайғамбарымыздың (оған Алланың салаутымен сәлемі болсын) "Құран оқыңдар, өйткені ол қиямет күні өзін оқығандар үшін шапағат ретінде келеді" дегенін жеткізген. (имам Мүслим)

Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясында Зере әжесі дүниеден өткен кезде жас Абайдың Құран аударғаны былай сипатталған. "Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, Құран аударуға кірісті. Анасының аруағына арнайтын дағдылы Құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқитын болды. Бір жұма бойы, Құран аударып шықты. Осы күндері ас үстінде Құнанбай Абайға

- Жай аударады екенсің!"- деп еді. Абай жауап қатқан жоқ. Құнанбай мұндайда үш-төрт аударып тастайтын, сыдыртқыш молдаларды есіне алып айтқан. Абай болса, ішкі себебін айтқан жоқ. Ол да жылдам оқушы еді. Абай анасына сауап болсын деп , Құранды өзгеше ықыласпен, асықпай, соншалық мүлгіп, мінәжат етіп оқиды. Құранның кейбір парасының үстінде ұзақ отырып қалып, жалғыз, жасырын ойлар да ойлайды. (Абай жолы І-том, 305 бет.)

Жалпы Абайдың Құран жайлы ойларын өлең жолдарынан да табуға болады.

«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзідүр ол,
Тәуилін білерлік ғылымың шақ». десе Бұқар жырау бабамыз:
Тәңрім сөзі Фурқанды айт,
Кәләм Алла- Құранды айт,
Тәңрім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт, - деп қасиетті Құранның Алланың ақиқат сөзі екенін айтады.

Қорыта келе Құранға деген махаббат біздің жан дүниеміздегі шөлімізді басатын, су іспеттес. Алланың кітабын түсіну, үйрену және басқаларға үйрету Атананың балаларына бере алатын ең үлкен мұрасы. Алла баршамыздың жанымызды Құран нұрымен толтырып, әл-Китабқа деген сүйіспеншілігімізді арттырсын!

Зиятбек НАРЖІГІТОВ,
Тайынша ауданының Бас имамы.

Онкологиялық ауруларды анықтауға арналған Скрининг-бұл қатерлі ісік пен қатерлі ісікке дейінгі ауруларды ерте анықтау бағдарламасы, оның көмегімен науқаста қатерлі ісік белгілері мен шағымдарсыз дамығанын анықтауға болады.

Қазақстанда қатерлі ісіктерді ерте анықтауға скринингтің 3 түрі бар: жатыр мойны обырының скринингі (30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер арасында цитологиялық зерттеуге жағынды алу жолымен 4 жылда 1 рет жүргізіледі); сүт безі обырының скринингі (40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер арасында 2 жылда 1 рет маммография жүргізу жолымен жүргізіледі); тоқ ішек обырының скринингі (ерлер мен әйелдер арасында 50 жастан 70 жасқа дейін 2 жылда 1 рет нәжістегі жасырын қанды анықтау жолымен жүргізіледі). Көрсетілген скринингтер тіркелген жері бойынша емханада немесе дәрігерлік амбулаторияда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кіреді.

Тегін скринингтен сіз тіркелген медициналық ұйымнан өте аласыз.

Сүт безі скринингі:

Маммография-сүт бездерін рентген сәулелерімен тексеру. Бұл сүт безінің қатерлі ісігін немесе/және басқа да сүт бездерінің ауруларын ерте анықтаудың тиімді әдістерінің бірі болып саналады.

Тексеру нәтижелері: маммографиялық тексерудің нәтижелері сізді маммографияға жіберген учаскелік мейірбикеден білу керек.

Жатыр мойны обыры бойынша Скрининг:

Жатыр мойны обыры-әйелдердің кең таралған онкологиялық ауруларының бірі. Жыныстық өмірді бастаған кез-келген әйел жатыр мойны обырымен ауыруы мүмкін. Ісік негізінен вирус (HPV) – адамның папилломавирусынан пайда болады.

Колоректальды қатерлі ісік скринингі

Тоқ ішек-бұл аш ішектің соңы мен анальды канал арасындағы ішектің бөлігі, ол өз кезегінде соқыр, тоқ ішек және тік ішекке бөлінеді.

Тоқ ішек қатерлі ісігі-бұл әртүрлі факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты кезең-кезеңмен жүретін процесс. Бұл қатерлі ісік ауруының пайда болуы үшін кем дегенде бір жылға созылатын бірнеше факторлардың өзара әрекеттесуі қажет екенін білдіреді.

Скринингтік тексерулерге қатысу неліктен маңызды?

Скринингтік тексеру алғашқы алдын-алу әдісі ретінде қатерлі ісік ауруының алдын алуға көмектеседі. Қатерлі ісік шағымдар мен белгілерді басқа органдарға таралған кезде және оны емдеу күрделене түскен кезде ғана бастайды. Скринингтік тексерулерге шағымдар пайда болғанға дейін, ісікті әлі де емдеуге болатын және ісіктің дененің басқа бөліктеріне таралуын болдырмайтын кезеңдерде анықтау үшін бару керек.

Тоқ ішек қатерлі ісігін скринингтік тексеру-бұл тоқ ішек қатерлі ісігін ерте кезеңдерде немесе оның пайда болуынан бұрын, яғни адамның қатерлі ісік қаупі аз немесе үлкен полиптері болған кезде қатерлі ісікке дейінгі жағдайларда анықтауға мүмкіндік беретін тиімді әдіс.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

“ҚАЗАҚ ТІЛІ” ҚОҒАМЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жалпы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 30 жылдан аса уақыт өтті. Соңғы 20 жылдың ішіндегі қоғамның жұмыс белсенділігі көңіл коншітпейді десек, ол шындық. Ал, бүгінгі таңда ұйымның жұмысын солтүстік өлкеде жандандыру ісі қолға алына бастағандай. Бұған басты себеп,өңірде ана тіліміздің мәселесі өткір тұр. Оны бір дәлелі ақпанның 21 жұлдызында облыс орталығында облыс әкімінің орынбасары Ғани Нығыметов мырзаның төрағалығымен өткен қазақ тілі жанашырларының бір ортада бас қосып, өткен алқалы жиын деп білемін. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы СҚОФ төрағасы Жанат Мұхамеджанов өз сөзінде:

– Өздеріңізге мәлім, қазақ балабақшаларын бітірген балғындардың 30-40 пайызы орыс мектептеріне барады. Тағы бір проблема – балалар мектепте, қоңырау кезінде өз арасында орысша сөйлеседі.Біздің қоғамның іс-шаралар жоспары бекітілген. Соның ішінде қазақ балаларының аты-жөнін қазақша жаздырту, оларды 100 пайыз қазақ мектептеріне тарту қарастырылған. Сондай-ақ, мемлекеттік органдарда іс-қағаздар мемлекеттік тілде жүргізіледі дегенмен, есептердің көбі орыс тілінде тапсырылады. Осы мәселені де көтереміз, деді.

Іс-қағаздардың орыс тілінде жүргізілуі бір бөлек, дәл осы есеп-қисапты әзірлейтін мамандардың қазақша білмеуі – басқа әңгіме. Бүгінде өңірде тілдерді дамыту орталығы жұмыс істеп тұр. Мұнда мемлекеттік және шет тілді меңгеруге болады. 2020 жылы курстарға 2400-ге жуық адам қатысса, биыл саны 3 мыңға жетіпті. Бірақ, орталық тек Петропавлда ғана бар. Бұл ретте облыс әкімінің орынбасары Ғани Нығыметов осындай орталықтардың санын көбейту туралы ұсыныс жасады.

СҚО әкімінің орынбасары Ғани Нығыметов, баяндамасында:

– Мемлекеттік тапсырыс арқылы сондай орталықтар ашсаңыздар. Нысан беріп, кадрлар іздеп, сонда бізде аудандарда – 13, қалада 1 орталық болады, деді.

Ғани Нығыметов мырзаның айтуынша, тілдерді дамыту орталығында еңбектенетін мұғалімдердің жалақысы небәрі 70 мың теңгені құрайды. Мамандардың еңбақысын өсіру қажет делінді жиында. Қазақ тілінің мәртебесі және ұлттық идеологиямен бірге ономастика да тығыз байланысты.

Соңғы 2 жылда ономастика саласында бірталай жұмыс атқарылып, жалпы 2020 – 2021 жылдар аралығында 400-ге жуық жер-су атауы өзгертілгені де сөз болды. Алқалы жиында сөз алған, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі, журналист Жақсыбай Самрат:

– Көшелердің атауын өзгерткенде ұзақ жылдар бойы басшылық қызметте отырған жандардың есімін берген дұрыс емес. Оның бір талаптары болуы тиіс. Егер азамат шынымен де ел мен жерге, халыққа жақсылық жасап, еңбектенсе, жастарға үлгі бола білсе ғана беру қажет екенін тілге тиек етті. «Қазақ тілі»қоғамының алғашқы кеңейтілген отырысында сөз алған журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ж.Сүлейменов және тағы басқа тіл жанашырларының сөздеріне менің де қосарым: «Тіл – бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Ол атамыздың ақылы мен анамыздың ақ сүтінен жаралған. «Қазақтың өз тілі қазақ үшін алтын бесік» деген екен жазушы Шерхан Мұртаза. Есте жоқ ескі дәуірлерден қалған осынау асыл дүниені көздің қарашығындай сақтап, қадірлеп, оның бар маржан, жақұтын шашып алмай кейінгіге жеткізу үшін қаншама тер төгілді десеңші!

Қазақ бар байлығын тілі мен дінінен, жері мен дәстүрінен тапқандықтан қадір тұтады, қастерлейді, үкілеп ұрпағына аманаттайды, болашағына болжам жасайды. Тіл үшін бар санасын, ғұмырын сарп етіп, шыбын жанын шүберекке түйіп, тұтастығын сақтап қалуға тырысып бағады. Тіл тұнығын лайламай, тәттісін зәмзәм суындай тамсана ішіп мейірін қандыруға тырысады. Тіл – қасиетті де, құдіретті. Құдіреттілігі сонда, өз тілімді өзімнің анама балап, бойыма ана сүтімен дарыған асыл да қасиетті рухани байлық, баға жетпес құндылыққа теңеп жататынымыз да содан болар. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі.Ұлан-байтақ жеріміз, тәуелсіз еліміз, ана тіліміз бар. Кешегі күнде тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар қазақ тілінің тағдыры үшін күресті. Бүгінгіге Мағжан сөзімен айтсақ, «алтын күннен бағасыз бір белгі боп, нұрлы жұлдыз, бабам тілі» ұрпаққа мұра болып қалдырылды. Қазақтың сайын даласындай қазақ тілінің мәртебесі өсіп, кеңдігі мен пәктігінің, мөлдірлігі мен шынайылығының арқасында көкірек кеудеге нұрын құйып, сәулесін шашса,мәңгі өлмейтіндей асыл мұра болары хақ»!

«Қазақ тілі» қоғамының алғашқы кеңейтілген отырысында ұйым мүшелерімен мемлекеттік тіл мәртебесі жөнінде қарар қабылданды. Сондай-ақ, білім және мәдениет, тілдерді дамыту басқармалары мен жергілікті университет арасында әріптестік жөнінде меморандумға қол қойылды.

Биыл туғанына 120 жыл толатын Қазақстанның Халық жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық», деген екен. Заманымыздың білгірі айтқан осы сөзді әрбір қазақ жадында ұстаса деген ой мені де мазалайды....

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Майынша таңы

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Үй малын жаю маусымы басталысымен, малдардың магистральдық темір жолдарға шығуына байланысты жолаушылар және жүк поездарының шұғыл тежеу жағдайлары жиілеп кетті.

Көкшетау жол дистанциясының басшылығы малдың темір жолға шығу жағдайларының жиілеп кетуіне алаңдаушылық білдіреді, бұл поездар қозғалысының қауіпсіздігіне және жолаушылардың өміріне тікелей қауіп төндіреді, поезд вагондарының рельстен шығып кетуіне, поездағы адамдардың денсаулығына және өліміне, сондай-ақ теміржол көлігінде қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

Жол дистанциясының қызметкерлері мал жаю ережелері бойынша халықпен профилактикалық жұмыс жүргізеді, жолдың ең қауырт учаскелерінде кезекшіліктер ұйымдастырылады, бірақ тәжірибе көрсеткендей, поездар қозғалысының қауіпсіздігі проблемаларындағы барлық шешімдер теміржолшыларға тәуелді емес, өйткені халықтың (бақташылардың) жауапсыздығынан поездар қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін фактілерге жол беріледі.

Жол дистанциясы халықты жайылымға рұқсат етілген аумақта және шопанның қырағы бақылауымен мал жаюды, сондай-ақ халықтың назарын теміржолда бөгде адамдардың болуына жол берілмейтіндігіне аударуды сұрайды, өйткені теміржол қауіптілігі жоғары аймақ болып табылады.

Ақмола магистральдық желі бөлімшесі.

• *Сұхбат*

«БІЗ БАРШАҒА АШЫҚПЫЗ»

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес үш жылдық мерзімге сайланған қоғамдық кеңестердің өкілеттік мерзімі аяқталып, аталмыш заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде жаңа құрам жасақталды. Біздің облысымызда да облыстық мәслихаттың шешімімен 21 адамнан тұратын қоғам белсенділерінің басын қосқан құрылым өз жұмысын бастап кетті. Біз бүгін жаңа құрамның алдында тұрған міндеттер, жалпы қоғамдық кеңестің қызметіне қойылатын талаптар туралы әңгіме қозғау мақсатында осы кеңестің жаңа төрағасы қоғам қайраткері, жазушы-журналист Жарасбай Сүлейменовті әңгімеге тартқан едік.

– Жарасбай Қабдоллаұлы, жақында облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайландыңыз. Құттықтаймыз. Бұл енді үлкен сенім ғой?

– Рақмет! Иә, сөз жоқ, үлкен сенім. Сондай-ақ зор жауапкершілік. Өйткені бүгінгі таңда өзіңіз жақсы білесіз, қоғамдық кеңестерге аса ауқымды да күрделі міндеттер жүктеліп отыр.

– Халық арасында осы қоғамдық кеңестер бізге керек пе, немен айналысады, қандай мәселелерді шеше алады деген сияқты әңгімелердің туындап жататыны жасырын емес. Расында да бізде не көп–ұйым көп. Тіпті бүгінде мемлекеттік емес ұйымдардың санынан жаңылып қалдық. Осыған орай осы қоғамдық ұйым қандай қажеттіліктен туғанына, қысқаша болса да тарихына тоқтала кетсеңіз.

– Меніңше, бұлай түңілуге, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайды. Мұндай құрылымның қажеттілігіне өмірдің өзі көз жеткізіп отыр. 2015 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы қабылданғанға дейін де халықтың мемлекеттік басқару ісіне қатысуын қамтамасыз етуді көздейтін қоғамдық ұйымдар болған. Бірақ олардың жұмысында жүйелілік болған жоқ. Осы жай ескеріліп, жоғарыда айтқанымдай, қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін, оларды құру тәртібін және басқа да міндеттерін айқындайтын арнайы заң қабылданды. Кейін, нақты айтсам, 2020 жылы Парламенттің қос палатасы оған уақыт талабына сай бірқатар маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізді.Осының бәрі не үшін керек дегенге келсек, әңгіме мемлекеттік органдар мен қоғамдық кеңестердің қарым-қатынасын күшейту жайында болып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, қоғамдық кеңестердің мәртебесі мен өкілеттігін заңмен бекіту мемлекеттік шешімдердің қабылдану ашықтығын арттырады. Азаматтық қоғамның мүддесін білдіру және мемлекеттік шешімдерді, жергілікті маңызы бар мәселелерді талқылау әрі қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірі ескерілуі керек. Әрі қарай тарқатып айтатын болсақ, бұдан былай қоғамдық кеңестердің құрамы қоғам өкілдері қатарынан сайланады. Әрі олардың қатарында түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері болуы тиіс

- Өмірдің тағы бір шындығы-бізде жақсы заңдардың да діттеген мақсатына жете алмайтын сәттері жиі кездеседі ғой. Қоғамдық кеңестер қоғамға не бере алады?

- Елімізде қоғамдық кеңестер туралы заң қабылданғаннан қазіргі кезеңге дейінгі мерзімде қоғамдық кеңестердің жұмыс істеуі мен дамуында белгілі бір тәжірибесі қалыптасқаны сөзсіз. Дегенмен барлық жерде бірдей қоғамдық кеңестер мемлекет тарапынан өздеріне берілген өкілеттіктерді тиімді пайдаланып отыр, қарапайым халықтың үніне, қамқоршысына айналды деп айта алмаймыз. Біз азаматтардың басқару органдарының жұмысына шын мәнінде көбірек белсенді қатысуын қамтамасыз етуіміз керек. Олар мемлекеттік бюджетті әзірлеуге, билік шешімдерінің орындалуын бақылауға араласулары керек.

- Халық арасында кей жағдайда қоғамдық кеңестер мен мәслихаттар қызметінің аражігі ажыратылмаған деген пікір де бар. Осыған не айтасыз?

– Қоғамдық кеңес мәслихаттың жұмысын қайталамайды. Мәслихат–өкілетті орган ретінде бюджетке байланысты мәселелермен айналысады. Ал консультативтік-кеңесші, бақылаушы және мемлекеттік органдармен ашық жұмыс істейтін институт болып табылатын қоғамдық кеңестің құзыретіне қоғамда туындайтын барлық мәселелер кіреді. Әсіресе қоғамдық кеңестердің ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді, халықтың мұң-мұқтажын тікелей билік өкілдеріне жеткізуші механизм ретіндегі рөлі өте зор. Бұл тұрғыда қоғамдық кеңестер неғұрлым еркін. Қоғамдық кеңестер халық пен билік арасындағы қоғамдық пікір мен диалогтың тәуелсіз және маңызды институтына айналғаны жөн. Ол үшін қалай болғанда да, қоғамдық кеңеске азаматтық белсенділерді көбірек тарту қажет.

Жалғасы 7-бетте

• Сұхбат

«БІЗ БАРШАҒА АШЫҚПЫЗ»

Жалғасы. Басы 6-бетте.

– Жаңа өзіңіз облыстық қоғамдық кеңестің жаңа құрамына 21 адам енгенін айттыңыз, солар заңда көзделген, сіз айтып отырған міндеттерді шешуге қабілетті ме?

– Қоғамдық кеңестердің жаңа құрамын жасақтаумен арнай құрылған жұмыс тобы айналысты ғой. Жұртшылық бұл жұмыстардың конкурстық негізде жүргізілгенінен де хабардар. Ендігі жерде өз еркімен кеңеске кіргендер өз өкілеттіктерін дұрыс пайдаланулары керек. Бұл төрде отырып төрелік айтатын, ауызбен орып, әулиелік құратын құрылым болмауы керек. Керісінше, қоғамдық кеңестің әр мүшесі алмақтың да салмағы бар екенін сезініп, ақ тер-көк тер болып жұмысқа жегілуі керек. Сонда ғана қоғамдық кеңес жұмыс істейтін ұйымға айналады. Әрине көп жай ұйымдастыруға да байланысты.

– Қоғамдық кеңестер әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде әкімдікке тәуелді дегенге қалай қарайсыз?

– Біз жергілікті билік органдарымен келісе отырып жұмыс істеуіміз керек. Қоғамдық кеңестер өздерін мемлекет пен халық арасындағы диалог алаңы ретінде көрсетуі маңызды. Қазір Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрамыз деп жатырмыз ғой, сөз жоқ, қоғамдық кеңес ең алдымен халыққа қызмет етуі керек, халықтың мұң-мұқтажына әркез сергек қарап, солардың мүдделерін қорғауы, шешілмеген мәселелер болса, биліктің назарын соларға аударуы керек. Азаматтық қоғамның мүддесін қорғау, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен жариялылығын арттыру, азаматтық бастамаларды қолдау, қоғам мен мемлекет арасында кері байланыс орнату, әлеуметтік шиеленістердің алдын алып, шешу, халықты коррупциямен күреске шақыру қоғамдық кеңестердің басты міндеттері ретінде айқындалған.

– Тағы бір өзіміз куә болып жүрген бір жай, біздің өңірде облыстық қоғамдық кеңестің жұмысы жайлы жұрттың бәрі біле бермейді. Бұл ретте қайта қалалық қоғамдық кеңестің дауысы жиі шығып жататын сияқты.

– Біз бұдан былай облыстық қоғамдық кеңестің кез келген отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін шақырып отыратын боламыз. Қажет болған жағдайларда басқа да кәсіптік ұйымдардың өкілдері қатыса алады. Отырыстарға сарапшылар мен өзге де мамандарды қатыстыру ойда бар. Бір сөзбен айтқанда, біздің халықтан жасыратын ештемеміз жоқ, қоғамдық кеңестің отырыстары ашық болады.

Жаңа қоғамдық кеңестердің әкімдіктермен қарым-қатынасы туралы ойдың ұшығын шығардыңыз ғой, менің ойымша кеңес халық пен биліктің арасындағы алтын көпірге айналуы керек. Жергілікті әкімдіктер мен басқармалардың басшылары міндеттерін мінсіз атқарса, халық құрметіне бөленіп жатса, соған біз де аз да болса, үлесімізді қоссақ мерей емес пе? Туған еліміздің еңсесін тіктейтін ілкімді істер бәрімізге ортақ, оған өгіз қара күшімізді жұмсасақ жарасады. Ал, артылған жүк ауыр. Бізді бір мүдде, халықтың мұң-мұқтажы біріктіруі керек.

– Кеңестің құрамында әйелдер мен жастар да бар шығар?

– Бүгінгі таңда өткенге қарап өсетін, бүгінге қарап бой түзейтін жастардың да шешілмеген мәселелері аз емес. Кеңес мүшелері арасында олардың да өкілдері бар. Біз олардан белсенді қызмет күтеміз. Олар да өз замандастарымен етене араласып, жастар өміріне қатысты, оның ішінде жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету, жастарды жұмысқа тұрғызу сияқты көптеген мәселелерді көтеріп, игі істерге бастамашы болып жатса, құба-құп. Жалпы, қоғамдық кеңесте халықтың барлық топтары қамтылған.

Қоғамдық кеңес – қоғамның өзекті мәселелерін талқылайтын ашық алаң.

– Сөз барысында жоспар деп айтып қалдыңыз, алдағы жоспарлар қандай?

– Өзіңіз білесіз, облыстық қоғамдық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Онда негізіінен ұйымдастыру мәселелері қаралды. Қазір қоғамдық кеңестің мүшелерінен алдағы жұмысқа қатысты ұсыныстар түсе бастады. біз оларды зерделеп, ой елегіген өткізіп, өзекті дегендерді жоспарға енгіземіз. Бұл ретте жоспардың, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылап отырудың да маңызы зор деп санаймын. Бұл жұмыстың да ықпалды тетіктерін қарастырып, іске қосуымыз керек.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Сағындық МАУҒАЗИН,
журналист.

• Ғабит Мүсіреповтің туғанына-120 жыл

Ғабит Мүсірепов 1902 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында дүниеге келді. Оның азан шақырып қойған аты – Ғабді әл-Ғабит. Бұл арабша «Құдайдың құлы» деген мағынаны білдіреді.Ғабит Мүсірепов қазақ прозасында өз орынын ойып алған ұлы жазушы. «Ұлпан», «Қазақ солдаты» романдары, «Ана туралы балладалар», «Этнографиялық әңгіме» қатарлы әңгімелер жинақтары бүгінгі таңда да оқырман қолынан түспейді. «Амангелді» атты бірінші қазақ киносының сценарийін жазуға өз үлесін қосты (Вс. Иванов, Б.Майлинмен бірге). «Махаббат туралы дастан» және екі сериялы «Қыз Жібек» фильмдерінің сценарийін жазды. 1985 жылдың 31 желтоқсанында халық жазушысы 83 жасында өмірден өтті.

ЕЛТІНЖАЛ СОЛТҮСТІКТІҢ ОРМАНЫ ЕКЕН...

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,
журналист Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

«Құр кеуде басқанменен «білемінге»,
Көп жайды біз ұғамыз жүре-жүре.
Бақсам мен – Елтінжалға баратын жол
Ғабеңнің жатыр екен жүрегінде!» –

деп қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбеков ақтарыла жырлағандай, ойы түпсіз терең сөз зергері Ғабит Мүсірепов үшін Елтінжалдан асқан, Елтінжалдан қымбат жер болмаған. Бар қызығын үйіп-төгіп, босатпай құшағынан сүйіп-өбіп, ерке құсын сағынып қарсы алатын Елтінжал – нағыз «нар шөккен» киелі жер, шырайлы да шұрайлы өңір. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мына жердің байлығы астында емес, үстінде тұр ғой», – деуі тегін болмаса керек.

«Басыңда азат күнің, еркің барда,
Барып қайт бауыр жазып Елтінжалға.
Елтінжал еркелетіп, қарсы алмаса,

Маған кел, көңіл суып, көп қиналма!» – деп Ғабеңнің өзі айтқандай, Елтінжалға мен де талай рет ат басын бұрған едім. Бірде белгілі қаламгер, ел газеті – «Егемен Қазақстанның» белді қызметкерлерінің бірі Жанат Елшібекке ілесіп жолға шығудың сәті түсті. Жәкеңмен «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») істеп жүрген кезінен таныс болатынбыз. Ол бірден Ғабең ауылына барғысы келетінін айтты. Сөйтіп, «Егемен Қазақстанның» біздің облыстағы меншікті тілшісі Байтұяқ Жанымбетов, өзіміздің «Ленин туында» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») бөлім меңгерушісі болып істейтін Амандық Жантеміров төртеуіміз таңертең жолға шықтық. Түс кезінде Айымжанға соғып, «ат суытып» алдық та, күн еңкейе Ғабеңнің ауылы – Жаңажолға жеттік.

Бұрын-соңды біздің өңірге келмеген Жанат үшін бәрі таңсық. «Е, бәсе, Сәбең, Ғабең сынды алыптардың тамыр тартқан топырағы осындай құнарлы болуы керек қой», – деп не нәрсеге болсын таңдай қағады, таңдана қарайды, Арамызда Ғабеңді, жалпы осы өңірді біршама жақсы білетін бір жан болса, ол – Амандық. Ол да осы жердің тумасы, туған ауылы Қарақамыс Жаңажолға тиіп тұр, «көнекөз, ескі құлақ кісілерден» естігендерін ортаға салып жүр.

Бұл Ғабеңнің туған ауылының даңқы дүркіреп тұрған кез болатын. Тұрғын үйлер, басқа да әлеуметтік нысандар бірінен соң бірі бой көтеріп, шағын ауылдың қанаты кеңейе түскені бір жақсылық болса, тракторшы қыз-келіншектер бригадасының құрылуы да елді елең еткізген оқиға еді. Сөз жоқ, алматылық әріптесімізді осы жағы да қызықтырады. Бірақ ол қайта-қайта әңгімені «Ұлпанға» бұра береді:

– Бәрі өмірде болған адамдар екен ғой, – дейді.

– Иә, иә, Ұлпан да, Есеней де бәрі де өмірден алынған кейіпкерлер, – дейді Амандық пен Байтұяқ жарыса.

– Онда «Ұлпан» көркем шығарма ғана емес, тарихи шығарма да болды ғой.

Кешікпей оған бәріміздің де көзіміз жетті. Ауылдың солтүстік-шығысындағы орманға бастап алып келген Амандық әжептәуір аумақты алып жатқан, жағалай орланған жерді көрсетіп: «Міне, Есеней қорымы осы», – деді.

– Ұлпан да, Есеней де осында жерленген. Бертін олардың бастарына ескерткіштас орнатылды. Амандық бәрімізді солай қарай бастады. Осы арада тізе бүгіп, аруақтарға Құран бағыштадық.

– Ғабеңнің өз бабалары да осы қыстауды паналағанын «Ұлпаннан» оқып едім, – деді Жанат әңгіменің қызығына беріліп.

– Бұл жерді жергілікті тұрғындар «түрікпен қыстауы» деп те атайды. Ғабеңнің кіндігі нақ осы жерде кесілген. Үйлерінің орны әлі бар.

Мал, жан аяғы баспаған жерде қалың шөп жайқалып тұр. Жанат бәріне таңырқай қарайды.

– Елтінжал дегені қайсысы? – деді сәлден соң.

– Ол ұзыннан ұзақ созылып жатқан орман, осы жерден алыс емес.

– Неге Елтінжал деп атады екен?

Біздің арамыздан бұл сауалдың түйінін тарқататын адам табылмады.

«Елтінжал» деген сөз қайдан шықты екен? деген ой аратура қылаң беріп қалатын. Бірде соның жауабы табылғандай қуанғаным да бар. 1992 жылы жаздың күзге ойысар тұсында Алматыға жол түсіп, «Жетісу» пойызына отырдым. Жайлы вагон, жүйрік пойыз жүйткіп-ақ келеді. Бірақ қазақтың ұшқан құстың қанаты талатын кең даласының ұшы-қиыры жоқ сияқты, көсіліп жатыр. Пойыз доңғалақтарының дүрсілі тұяқтарынан от ұшқан тұлпарлардың дүбірі ме дерсің. Найзаның ұшымен, білектің күшімен туған жерін шапқыншылардан қорғаған бабалар... Осылай ой жетегіне еріп, күнделікті күйбің тіршілікті ұмытқандай, рақат бір сезімге беріліп отыр едім, купенің жартылай ашық тұрған есігінен қазақтың үлкен ақындарының бірі Ғафу Қайырбековті көріп қалдым. Ғафеңмен осыдан бір айдай бұрын Ғабеңнің 90 жасқа толуына қарай туған жері – Елтінжалда өткізілген тойда кездескен болатынбыз. Мен ол кезде республикалық радионың Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі едім, ал қазақ радиосының сол кездегі басшысы Қуаныш Орманов Ғафаңның жиені болатын. Той қарсаңында сол кісі телефон шалып, Ғабит Мүсіреповтің мерейтойына Алматыдан да біраз адамдар баратынын, олардың ішінде Ғафу Қайырбеков те бар екенін айтып, маған міндетті түрде сол кісіге жолығуды, қажет болып жатса көмектесуімді сұраған. Тойға келгендерді қарсы алып, шығарып салу тәртібі белгілі ғой, қалада Ғафаңа жолығудың сәті түспеді. Тек Жаңажолда кездесіп, мән-жайды түсіндірдім, сұхбат алдым. «Рақмет, маған алаңдама, бәрі алақанға салғандай болып жатыр ғой, қажет болсаң өзім тауып алам», – деді.

Ғафаңды мен тұңғыш рет 1989 жылдың жазында Сартомарда өткен Мағжан тойында көрген едім. Қайсар қара шашын кейін қайырған қара торы өңді ақынның қоңыр даусы жыр оқығанда керемет бір екпін алып, тыңдаушысын баурап әкетеді екен. Қара сөздің өзін жырдай төгілтетін Ғафаңа тәнті болып қалғаным соншалық, сол жолы бір қажетіне жарап, жақынырақ таныса алмағаныма бір жағынан қынжылып та қалған едім. Енді, міне, сол Ғафаң менімен бір пойызда, бір вагонда келе жатыр. Пойыз Ақмоладан (Астананың бұрынғы аты) жаңа ғана шықты, жол алыс... Көңілімнің түкпірінде жақсы бір үміт тұтанды. Ғафаңның алдынан шығып, сәлем бердім. Ол мені бірден танып: «Қайдан жүрсің?» – деп сұрады. Мен қызмет бабымен Алматыға бара жатқанымды айттым. Ғафаң жалғыз емес, қасында бәйбішесі бар екен.

– Біз әнеугі тойдан кейін Бурабайда демалдық, содан үйге қайтып келе жатқан бетіміз, – деді. Сосын шайын сораптап сәл үнсіз отырды да:

– Қазақстанның түкпір-түкпірін түгел араладым, бірақ осы солтүстіктей сұлу өлкені көргем жоқ, ауасы да керемет, әйтеуір, бойым сергіп, бір рақатқа батамын, – деді. «Ғабеңмен талай келдім ғой» деп тағы бір қойды.

– Ол кісі сізге өткеннен біраз әңгіме айтқан шығар?

– Иә, келген сайын туған жерін жаңа көргендей болып, өткен күндерді еске алып отырушы еді. Әсіресе, «Ұлпанды» жаза бастаған кезінде көп әңгімені жаңғыртқаны есімде.

– «Ғабит Мүсірепов» деген өлеңіңіз осы сапарлардан туған ғой, сірә?

– «Елтінжал – солтүстіктің орманы екен,
Баратын оған жалғыз жол бар екен.
Әрі алыс, әрі жақын сонау жолдың,
Жүрсем деп қай жағынан ойға кетем», – деп ағаға еріп жүріп, біраз жайды көңілге тоқыдық қой. Ғабең түпсіз терең тұңғиық еді ғой.

Ғафаң тағы да үнсіз қалды. «Ақын жүрек Ғабең әлемін шарлап кетті ме»... Қасы мен қабағына қарап, үнсіз отырмын.

– Иә, өмір өтеді, бұл дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ.

Оның үнінде бір қимастық бар.

– Елтінжал деген атау қайдан шықты екен? – дедім мен әлгі үзіліп қалған әңгімені қайта жалғап.

– Бір сапарында Ғабең Елтінжалға ауылдың екі-үш шалын ертіп барды. Менің Елтінжалды тұңғыш көруім: көк ала бұлттай шөгіп жатқан қалың орманнан далаға шыға қашып тоқтаған тұлпарды елестетті. Осы көріністе сұқтана көз салған Ғабеңнің әлгі шалдардан: «Не деген сөзден шыққан екен бұл ат?» – деп сұрағаны есімде. Сонда әлгі ақсақалдардың бірі ертеректе «Елтін деген кісі болса керек», – деп аса тереңдей алмаған. «Ұлпанды» жазып жүрген Ғабеңнің өз болжамдары да болған шығар, бірақ солай ма еді» дегендей, қабағын керді де одан әрі қазбалаған жоқ.

Осылай Ғафаң Алматыға жеткенше ұлы суреткер Ғабит Мүсірепов туралы біраз сыр шертті, оның адами қасиеттерін тілге тиек етті.

Ал Елтінжал атауының қайдан шыққанына келсек, ол жөніндегі деректер шамалы екен. Сәбит Мұқановтың 1959 жылдың аяғында жазған Ғабит Мүсірепов туралы қысқаша өмірбаяндық очеркінде: «XIX ғасырдың орта кезінде, Құсмұрын дуанының Сұлтан-правителі Шыңғыс Уәлихановты түсіріп, орнына Сұлтан-правитель болған Есеней Естемесов, Мүсірепті оң қолы ғып ұстап, өз ауылының қасынан қоныс беріп, қыстау салдырған. Дөңес жерге жалдана біткен бұл ағаштың атын «Елтін жалы» дейді. Елтін – Қыпшақтың Күрлеуіт руынан шыққан адам екен» деген жолдар бар.

Елтін Есенейдің туған апасын алған жездесі (кейбір зерттеушілер күйеу баласы деп те жазып жүр). Бұл арада нақтылай түсетін мәселелер аз емес. Өйткені, Елтіннің әкесі Нияздан қалған төмендегідей сөз бар:

«Абылай аспас Арқаның сары белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы түссе де ылайланбас,
Нияздың Аюлы мен Қаракөлі».

Жалғасы 8-бетте

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Көзімізде жас, жүрегімізде сағыныш... Алланың сызығынан, тағдырдың жазуынан ешкім аса алмайды екен. Уақытқа да тоқтау жоқ, зулап күндер, жылжып айлар, тіпті жыл да өте шықты.Өмірінің соңғы күндеріне дейін Тайынша қаласының тұрғыны болды. Бірақ, ел - жұрттың, ағайын-туыстың жанашыр,ақылшысы болған ерекше жан- кезінде үлкен ел болған Көзашар ауылында өмір сүрді, келін болып түскен әулетінің ортасында өте сыйлы, құрметті жан, отбасында аяулы ана,ақылшы әжем,бауыр, сырласымыз болған

Жарқынбаева Марал Есмұқанқызының өмірден өткеніне ақпанның 24 жұлдызында 1 жыл болды. Ардақты анамыздан, ойламаған жерден айрылып қалдық. Елі, ағайын – жұрты айтса айтқандай, анамыз тереңнен ой ойлайтын, сабырлы, ешқашан ешкімге қатты сөз де айтқан жоқ десек, ол-шындық, үнемі жымиып күлімдеген жүзін көретінбіз. Күндер, жылдар өтіп жатты. Балалар ер жетіп, немерелер дүниеге келе бастады. Кішкентай кезімізден білетініміз анамыздың үйде- түзде жұмысы бірдей болатын. Ауылшаруашылығы саласында да еңбек етті.Отбасына да уақыт тауып, шамасы келгенше бізді әрқашан адамгершілікке, адалдыққа, сабырлыққа үйретті. Енді міне, бар қиындықтар артта қалып,балалары мен немерелерінің өсіп-жетіліп, олардың қызығы мен тәтті қылықтарын тамашалайтын кезеңде, анамыздың өмірден өткені, әрине, өкінішті-ақ. Ол өз отбасына ғана емес, барша ағайын-туысқа жанашыр, қамқор жан еді. Міне, осының бәрі артта қалды. Ардақты да аяулы ана, ақылшы әже, туған-туысқа қадірлі жан өмірден өтті. Ендігі айтар сөзіміз бен ойымыз, Алладан тілегіміз- анамыздың пейіште жаны нұрға бөленсін, жатқан жері жайлы, иманды болсын. Өмірден өткенімен анамыздың жарқын бейнесі, көрсеткен үлгі-өнегесі мен сабырлы да салмақты сөздері жанымызда мәңгі сақталады. Өзіңді еске алып жанымыз жабырқаулы, Сағынышпен бала, бауыр,туғандар еске алады, Өзіңізбен өткен сол бір күндер, жүрегімізде мәңгілікке сақталады.

Сағынышпен еске алушылар: артында қалған ұрпағы,ағайын-туыстары атынан: қызы Гүлсан Заберқызы.

ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

Егер сіз көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қанағаттанбасаңыз, медициналық персонал тарапынан дөрекілікке, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтер үшін ақшалай қаражатты талап ету фактілеріне немесе басқа да проблемалық мәселелерге тап болсаңыз, сіз: пациенттерге қолдау көрсету және ішкі аудит қызметіне көмек сұраңыз. мұндай қызмет әрбір медициналық ұйымда жұмыс істейді. Кері байланыс үшін байланыс деректерін көрсете отырып, жазбаша өтініш жазу жеткілікті. Толығырақ ақпаратты емхананың немесе аурухананың қабылдау бөлімінен білуге болады.

1-ӘДІС

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Науқастарды қолдау қызметі*

* Бұл қызмет барлық медициналық ұйымдарда жұмыс істейді

Туындаған мәселені бірден шешу үшін, медициналық қызмет көрсетуді бақылау және науқастарды қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Бұл қызмет:

- Медициналық көмек көрсету мен медициналық ұйымның емханалық қызметіне ішкі талдау жүргізеді
- Медициналық қызметтер көрсету стандарттары мен рәсімдерінің бұзылуын анықтайды
- Науқастардың өтініштері мен шағымдарын қарау мәселелерімен айналысады

НАУҚАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ?

• *Ғабит Мүсіреповтің туғанына-120 жыл*

ЕЛТІНЖАЛ СОЛТҮСТІКТІҢ ОРМАНЫ ЕКЕН...

Жалғасы. Басы 7-бетте.

Осы арада біреулер Қаракөл қайда, Елтінжал қайда? – деуі мүмкін. Ол рас, Сәбеңнің жазуынша. «Нияздың Қаракөлі» Баян мен Ереймен тауларының арасында. Міне, Есеней Елтінді қасына сол жерден көшіріп алған. «Артынан басқа күрлеуіттер де келе бастап, жеріне симайтын болған соң Есеней оларға Қостанай облысының қазіргі Урицкий ауданынан жер берген» (Сәбит Мұқанов). Міне, нақ осы кезде Есенейдің мейірімі Мүсірепке түсіп, Елтінжалдың баурайына Түрікпен ауылы қоныстанады. Ел ішінде бұған қарсы шыққандар да табылады. Әсіресе, Еменалы: «Жерімнің құтын бергенің, мұндағыларды ойламағаның ғой», – деп қатты ренжіпті. Бірақ ол Есенейдің шешімін өзгерте алмапты. «Кейін де елдің біразы Еменалыға қосылып, «Елтінжалды түрікпенге бергені – құтынан айырылғаны десіп жүріпті» (Ғ.Қайыбеков. «Елтінжал», «Өнер» баспасы, Алматы. 1990 ж. 107-бет). Қалай десек те, осы бір тұста Есенейдің күні еңкейіп, Түрікпеннің шаңырағы биіктей түседі.

Сотқарлығымен елге танылған Еменалының Мүсірептің әйелі ұл тауып, мәз-мейрам болып жатқанда, бүлік салатыны да нақ осы тұс. Оның терезенің ар жағынан сілтеген сойылы төрде отырған Есенейдің жауырынына тиеді. «Есеней көзін жұмып тістеніп қалды. Баяғыда Кенесары садақшысының оғы тиген жауырын ортадан соқты-ау деп ойлады. Тап сол оқ қадалған жері шаншып-шаншып қалды. Иә, ағайын деген осы да. Сойыл сілтемей отыратын күні жоқ. Қан майданда қас жауыңмен қарсы тұрып алысқаның қиын ба, туысқан ініңнің күнде бір тырнап, күнде бір нұқып қалғаны қиын ба?..

– Тұр, Есеней, үйге қайтайық. – Ұлпан Есенейді тез киіндіріп, үйіне алып келді де төсегіне жатқызды. Есеней сол жатқаннан енді қайтып тұрған жоқ» (Ғ.Мүсірепов, «Ұлпан», «Жазушы», Алматы, 1975 жыл, 171-бет).

Байлық ол кезде де қолдың кірі болса керек, Есенейдің тұсында бес мың жылқы айдаған Мүсірептің ұрпағы Қазан төңкерісі алдында бір жылқыға қарап қалады. Ол жөнінде Ғабең өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде» былай деп жазады: «Әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай бұлтылдап кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес. Анда-санда орташаға жақындап шырт түкіре бастағанда әкеміз оп-оңай кедей болып қалушы еді. Бай болуды қанша ұнатқанымен, ол бір ішінде кеткен арманы болуы керек. Әр қыста бір тосып алатын жұтпен, әр жылда егіздей беретін алым-салықтар кейде тұқыртып кетсе, кейде біржола тұралатып кетуші еді».

Басқалар тәнті болып таңдай қағатын солтүстіктің табиғаты: жасыл желек – жапырағы жайқалған қайың-терек біз үшін таңсық емес десек те, Елтінжалға соққан сайын әр бұтақтың сыбдырына құлақ түресің, сыр аулайсың, өзгеше бір сезімге бөленесің, қордалы жердің бояуы қанық гүлі, ылғалға бөртіп, бұла өскен бәйтерегі Ғабең екенін сезіне түсесің. «Күлі таныс, желі таныс, суығы таныс» (Ғ. Мүсірепов) Елтінжал кезінде оған тұғыр болып, ой-арманына, үміті мен сеніміне қанат байласа, енді, міне, халқы есімін айтып мақтанатын дара ұлдың, дана ұлдың сырлы әлеміне айналып, Ғабең ғибратының сәулесіне шомылып тұр. Сан қырлы, күрделі тұлға, қазақ халқының өміріндегі өзгеше құбылыс – Ғабит Мүсіреповтің былайғы жұртқа беймәлім сырларына қанығамын, оның ой-иірімдеріне құлаш ұрып, «толқынды толқын болып» қуамын деген ниетпен Елтінжалға ат басын бұрушылар бүгін қаншалықты көп болса, келер ұрпақтың да олардың қатарын сиретпесі анық. Міне, осылай өзіне кіндігінен байланған Ғабеңдей перзенті барда Елтінжал жетімсіремейді.

Рас, қазір бұл өңірде де Ғабеңді көрген, кәдімгідей бір дастарқанның басында отырып әңгіме-дүкен құрған жандар онша көп емес. Әрине, олардың қойындары – алтын сандық. Осындай жандардың бірі, қарт ұстаз Айдарбек Аткелтіровпен бірнеше мәрте кездескенім бар. Кезінде туған ауылында заңғар жазушы Ғабит Мүсіреповтің мұражайын ашуға көп еңбек сіңірген Айдекең кейін шаруашылықтан береке кетіп, біраз дүние құнсызданып қалған кезде де атақты сөз зергерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты жәдігерлерді, құнды деректерді сақтап қалу жолындағы күрестің бел ортасында жүрді. Қазір ол кісі аудан орталығы – Пресновка ауылында тұрады.

– Ғабең Елтінжал десе, елжіреп кететін, «әркімнің өз Елтінжалы бар» деп өз ортасында туған топырақтың қадір-қасиеті жоғары, қымбат екенін айтып отыратын. Ол кісі кезінде өзінің шығармаларына «Елтінжал» деп қол қойып жүріпті. Бұл да көп жайдан сыр ұқтырса керек, – деген А.Аткелтіров бір кездескенімізде.

Елтінжал! Иә, Ғабеңнің осы сөзге көп мағына салғаны сөзсіз. Оның өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан кейін ел жаққа келуді жиілетуі де туған жерге деген сағыныштан десек, қателесе қоймаспыз. Осындай сапарлары кезінде Ғабең ауылдың үлкендеріне сәлемдесіп, жағдайға қаныққаннан кейін жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан бала-шағаға ойысады екен. Осы жайында жазушының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында немересі Жанат Махмұтованың былай деп жазғаны бар: «Кеш түсе бастаса болды, бүкіл ауылдың кішкентай балаларын көшенің ортасындағы көк шөп үстіне жинап алып, бәйге, ат жарыс, күрес ұйымдастырады. Ат жарысы – шыбыққа мінген балалардың сайысы. Кішкентай қыздарды билетіп, ән айтқызуды жақсы көруші еді» («Ленин туы», 10 наурыз 1999 ж.).

Десек те, сапарлас болғандардың бәрінің айтатын бір сөзі: Жаңажолға келгенде Ғабеңнің оңаша қалып ойға шоматын кездері жиі кездесетін. «Ғабең бір кезек, талма түстер, күрең кештер тұсында өзі жасында жалаңаяқ келіп, талай шомылған «Құдайқұл» көліне апарады. Біз жаппай, жамырай шомылдық. Ал Ғабең ақ қалпағы ғана көрініп, көл ішінде мүлде ұзақ отырады. Сонда оның ойына не түседі екен?». (Ғ. Қайырбеков. «Елтінжал», Алматы, «Өнер», 1990 жыл. 194-бет). Әрине, «Үмітпен, күреспен, сеніммен қауышқан» ғұмырында талай тағдырлар мен кездескен, қызметтес, дәмдес болған алыпты не мазалайтынын ешкім дөп басып айта алмас. Дегенмен, топшылап көруге болады. Жазушының қоғам туралы, туған елінің болашағы туралы ойларын жүрек түкпірінде аялағаны анық. Мүмкін, ол кейін мұрағаттан табылған «Күнделігіндегі» мына жолдарды Елтінжал әсерімен жазған болар: «Дауылда, желде орманның жайқалу, теңселуі тұтасқан бір ырғағын тапаса көп құлайды. Дұрысы – бірге бір ырғақ тапқанша көбірек құлайды. Үй ішінің дем алыс тынысы да осы қатарға жатады. Үй тіршілігінің бір ырғағы табылмаса, керексіз кикілжің көбейе беріп, аяғында апатқа дейін апарады. Әртүрлі ызыңдар да, қозғалыстар да солай, ырғағы, үндестігі, бояулары келіспеген істің бәрі де берекесіз болады». Неткен көрегендік десеңізші?! Ғабең қоғамда бір өзгерістің боларын сезгендей, сол сын сағатта ынтымақ, бірлік қана жақсылыққа бастайтынын кейінгі ұрпағына аманат етіп тұрған жоқ па?

Оған бүкіл шығармаларына алтын арқау болып өрілген отандастарының тағдыры, адами қасиеттер, мәңгі өшпес құндылықтар жайлы ойлар да серік болғаны сөзсіз. Тағы да «Күнделікке» зер салалық: «Біреуге біреу ешбір жақсылықты көпсінбес күн қашан келер екен»; «Өткеннен безінсеңдер, бүгінгіні жек көресіңдер, ертеңгі күнге енжар қарайсыңдар»; «Дүниеде ең қорлық та, зорлық та аяққа басылып келе жатқан нағыз қымбаттымыз – ар-ұят, әділет, шындық, сұлулық»; «Ойлап отырғаны басқа, айтқаны одан басқа, сөзі бірбасқа, ісі бір басқа адам болады»; «Елің үшін мақтан, елің үшін қайғыр»; «Қазақ деген ел – бостандық, азаттықты сүйетін, даланы, таза ауаны сүйетін, таза суды, таза көгалды сүйетін халық. Бұл кезінде ол – бұзылмаған ел, бұзыла білмейтін ел емес, бір бұзылса, аяқ-қолын жинай алмай кетуі мүмкін. Сонша кең дүниеде жүріп, сонша тазалық дүниесінде жүріп ол елдің жан-жүрегі таза болмаса, таңдануға болар еді. Жоқ, ол асқан ақкөңіл, мырза, сенгіш ел». Міне, «Күнделікке» түскен Ғабең ойлары осылай тізбектеліп кете береді.

Оймен оңаша қалғанда Ғабеңнің көз алдына Елтінжалдың баурайында өткен балалық шағы, жалшылықтың тауқыметін бірге көтерген бауырлары, құрбы-құрдастары оралуы да ғажап емес қой. Өнерге құштарлығын оятқан жақын туысы Ботпай мен оның қызы Бәтиманы да еске алған шығар. Бәтима туралы: «Сұлу емес сүйкімді, елжіреген балажан, ерке жүректі адам еді. Ескі ауылда сирек кездесетін, ерекше тұратын, не ойлай қалғаны жүзіне шыға келетін нәзік сезімнің адамы еді. Сол бір жылы бейне балалық шақтың ұмытылмас сағынышы сияқты менің ойымда әлі бар, әлі сыны жоғалған жоқ», – деп жазуы тегін емес.

Сөз жоқ, ол алғашқы ұстазы Бекет Өтетілеуовтің есімі мен бейнесін де жүрек түкпірінде сақтап өтті. Бекет Өтетілеуов белгілі адам болған. «Қазақ әдебиетінің революциядан бұрынғы ақындарының бірі, 1913 жылы «Жиған-терген» атпен өлеңдер жинағы шыққан, демократтық бағытта болған, ауыл мектебінде үздіксіз еңбек атқарып, кеудесіне Ленин орденін қадаған, Коммунист партиясының мүшесі, Ұлы Отан соғысынан кейін, қартаң жасында қайтыс болған» (С. Мұқанов «Біздің даму жолдарымыз», Алматы, 1960 жыл, 574-бет).

Міне, Ғабеңнің әдебиетші болуына бірден-бір ықпал еткен адам осы Бекет Өтетілеуов екені даусыз. «Ондай жақсы оқытушыны мен кейін де сирек кездестірдім. Ол үлкен мағынада ағартушы болатын тілегі бар адам еді. Кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе, өзі аударған Крылов мысалдарын оқып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды... Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады» (Ғ.Мүсірепов, «Таңдамалы әңгімелер», «Мектеп», Алматы, 1979 ж.).

Жалғасы газеттің келесі санында.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: **65710**
Газет әр аптаның **жұма** күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: **69** Таралымы: **1000**.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.